

Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог – дефектологтың жылдық есебі

Арнайы педагогтың 2024 - 2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, білім алушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Қыркүйек, қазан аралығында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға терең педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б), оқушылардың негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің бланкілері дайындалды. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы, жылдық жұмыс жоспарлары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, ата-аналардың келісім формасы (форма-6), мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

Арнайы педагогикалық диагностикаға АПМПК қорытындысы бар 17 ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы диагностикаға алынды. ОПМПК қорытындысы және терең педагогикалық диагностика нәтижесінде бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқитын оқушы саны - 14, жеке оқу бағдарламасымен оқитын оқушы саны – 2, жалпы білім беретін оқу бағдарламасымен оқитын оқушы саны – 1.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативі паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Терең арнайы педагогикалық диагностикада оқушылардың негізгі пәндердің оқу бағдарламаларын (математика, қазақ тілі, әліппе) меңгеру деңгейі анықталды.

Білім алушыларға арнайы педагогикалық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың даму деңгейін, жас ерекшелігін ескере отырып жеке және топтық сабақ кестесі құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді. Түзете-дамыту сабақтары екі негізгі пәнді біріктіре отырып, таным қабілеттерін дамыту негізінде өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары және психологиялық- педагогикалық бағалау толтырылды.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2024 - 2025 оқу жылында 22 рет мектеп мұғаліміне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) және 23 рет ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық- педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

Ата – аналармен жүргізілетін жылдық жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар:

Қыркүйек айында ЕББҚ ететін білім алушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізілді. Бала туралы мағлұмат жинақталды. (1 б формасы)

17.10.2024 күні психологтармен бірлескен «ЕББҚ бар балалармен түсінік жұмыстар» тақырыбында жиналыс жасалды.

Қараша айында ата-аналарға арналған ақпараттық презентация дайындалды: «ЕББҚ ететін білім алушылардың құқықтары қандай?» атты тақырыпта. (Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы)

Желтоқсан айында «Көбейту кестесін жаттаудың тиімді 10 әдісі» тақырыбында ата-аналарға кеңес даярланды, Ата-аналарға арналған үлестірмелі материалдар дайындалды.

17.01.2025 күні ата аналарға арналған тақырыбы: «ЕББҚ ететін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары» атты тренинг өткізілді.

07.02.2025 күні ата аналарға арналған тақырыбы: «Зерде бұзылыс бар немесе психикалық дамуы тежелген балаларды қалай оқытамыз?» практикум өткізілді.

18.04.2025 күні «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға кәсіптік бағдар беру» ЕББҚ ететін білім алушылардың ата-аналарына арналған тренинг өткізілді.

Мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар:

Қыркүйек айында ЕББҚ ететін білім алушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсынымдарын зерделенді.

22.11.2024 күні мектептің әкімшілік мүшелері мен мұғалімдеріне арналған тақырыбы: «Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға жеке оқу жоспарын құрастыру ерекшеліктері» семинар өткізілді.

Қаңтар айында мектеп мұғалімдеріне арналған тақырыбы: «ЕББҚ ететін білім алушыларға оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері» жадынама дайындалды.

10.02.2025 күні тақырыбы: «Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритмі» семинар өткізілді.

18.03.2025 күні Бастауыш сынып мұғалімдері мен математика пәнінің мұғалімдеріне арналған тақырыбы: «Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға математика пәнін оқыту ерекшеліктері» дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді.

11.04.2025 күні Бастауыш сынып мұғалімдері мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған тақырыбы: «Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға тілдік пәндерді оқыту ерекшеліктері» дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді.

Өзін – өзі дамыту

10.07.2024 жылы Қазақстандық Қайта Даярлау және Біліктілікті Арттыру Орталығы «Bilimzet» Жалпы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру атты 80 сағаттық курсқа қатысып, сертификат алдым №070165.

12.08-23.08.2024 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» Акционерлік Қоғамы «Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру бойынша арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша 80 сағаттық курсқа қатысып, сертификат алдым №0822783.

2024 жылдың желтоқсан айында «Жарқын» Республикалық ғылыми – ақпараттық, танымдық – тәрбиелік журналына «2 жастағы баланың психологиялық даму ерекшеліктері» атты мақала жарияладым.

Халықаралық ғылыми – ақпараттық, танымдық – тәрбиелік журналына «Жалпы білім беретін мектептегі ерекше бала: арнайы білім беру шарттары» атты мақала жарияладым.

2025 жылдың қаңтар айында «Ұстаз еңбегі» Республикалық ғылыми – әдістемелік журналына «Мектепте ерекше балаларға қолайлы орта құрудың маңызы» атты мақала жарияладым.

«BILIM BAQ» Халықаралық ғылыми – әдістемелік журналына «Сөйлеу бұзылыстары бар жасөспірімдермен жұмыс: тәжірибелік көзқарас атты мақала жарияладым.

Педагог - дефектолог: Сағидуллаева Гүлжанат Сәбижанқызы